Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Таңдаған мамандығыңның адам өміріндегі маңызы.

Мамандық-адамды жетілдіретін, өмірге құштарлықты асырады. Адам есе келе, мектеп бітіре сала алдағы өмірінде қандай мамандық иесі болатынын ойлайды. Ата-бабамыз айтқандай адам өмірінде мамандық таңдауда және де жар таңдауда қателеспеу қажет. Егер осы екеуін қате таңдасаң өмірің босқа кетті деп ойлауға болады. Егер, мысалға қазіргі жастарды алатын болсақ. Біріншіден ата-ананың баласының қалауын елемеуі. Бұндай жағдаят екінің бірінде кездеседі деп ойлаймын. Ата-ана баласының мысалға медицинаға түсуін қалайды, ал баласы болса жүрегі басқа мамандық иесі болуды армандайды. Бірақ әке-шешесінің қалауын арманын, тіпті көңілін қалдырмау үшін, өзінің қалауына қарсы шығады. Ал екіншіден ол қаржы мәселесі. Иә, иә қазіргі заманда барлығы ақшаға келіп тіреледі. Жақсы мамандыққа оқу үшін не жоғары балл жинайсың, жинай алмай қалсаң жолына оқуға түсу үшін кем дегенде 1 млн төлейсің. Ал бұндай қаражатты әрбір отбасының төлеуге мүмкіндігі жоқ. Қазір сол үшін көптеген оқушылар грант көп бөлінген жерге түседі. Мысалы, көп оқушылар физика-математиканы таңдайды. Себебі оған түсу оңай, грантқа басқа мамандықтарға қарағанда өтіп кетуге 80% мүмкіндігің бар. Кішкентай кезінен дәрігер болам деген бала, ата-анасының қалтасын ойлап, сүйікті емес мамандығына түседі. Сол мамандықта универде төрт жыл оқиды. Кейін бұл салада жұмыс істеп кетуі 50 де 50. Немесе басқа жұмыс іздейді, немесе өмір бойы жүрегі қаламаған

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника



мамандықта жұмыс жасайды.
Сүйікті мамандығыңда жұмыс жасағанға не жетсін? Бар күшіңді жұмысқа салып, өмірге деген құштарлығың оянады. Жұмысыңа асығып, демалғың да келмей қалады. Таңдаған мамандығың өзіңе ұнаса, беріліп жұмыс істейсің. Қалаған мамандығын таңдаған адам сапаға қарап жасайды. Дәрігерлер жанын салып адам өмірін сақтауға тырысады, ұстаздар оқушыға сапалы білім береді. Ол әрине мамандығын сүйіп жасауына байланысты.
Таңдаған мамандығының адам өміріндегі маңызы қаншалықты үлкен екені түсінікті деп ойлаймын. Болашақта жұмысыңа барғың келмей, жалығып, өкініп кетпеу үшін, ең алдымен қазіргі таңда өз жүрегіңді тыңдау өте маңызды. Ешкімнің сөзіне ерік бермей, болашағыңды ойла, себебі жұмыс жасайтын өзіңсің барлығы өз қолыңызда.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ